

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ



Тлеуов Асхат Халилович

Тлеуов Асхат Халилович, доктор технических наук, профессор, Целиноград ауыл шаруашылық институтының ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетін тәмандаған. Жұмысын ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету кафедрасының ассистенті қызметімен бастаған. 1977 жылы Мәскеу қаласының ауыл шаруашылығын электрлендіру Халықаралық институтының аспирантурасына күндізгі бөліміне түсіп, 1980 жылы Мәскеу қаласына қарасты В.П.Горячкин атындағы ауыл шаруашылық өндіріс инженері институтында кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап шыққан. Содан қызметін электрлі машиналар кафедрасында аға оқытушы, доцент лауазымында жалғастырды. 1996 жылы Челябинск қаласындағы ауыл шаруашылығын электрлендіру және механизациялау институтында докторлық диссертациясын қорғап шыққан. 1998 жылы ол ЖАК ғылыми профессоры атағын иеленген. 1998 жылдан 2001 жыл аралығында ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетінің декан лауазымдық қызметін атқарып, 2008 жылы Қазақстан Республикасының ТҒА мүшесі. «ЖОО-ның ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грант жүлдегері, 140-тан астам ғылыми еңбектерді жария етілді, қаржыланатын ғылыми тақырыпты басқарады. Білім үздігі, «Бараевқа 100 жыл» белгісімен марапатталған, университеттің мәртебелі қызметкері.

2001 жылдан 2003 жыл аралығында дистанциялық оқыту проректоры қызметін атқарған. Қазіргі таңда 9 жылдан астам уақыт ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.



Анисимов Юрий Васильевич

Ю.В.Анисимов техникалық ғылым кандидаты, доцент, тәжірибелі оқытушы, үш арнайы мамандық бойынша курстық және дипломдық жобалар, лекция және практикалық сабақтар жүргізеді. Тәлім-тәрбиенің қазіргі технологияларын оқу үдеріске ендіреді. Жас оқытушының ұстазы болып табылады. Әрдайым методикалық жұмыстар өткізеді. Оның зерттемесінің санында оқу құралы, әдістемелік нұсқаулар, тәртіптің, тәжірибе бағдарламалары бар.

80-ші жылдардан бастап, табысты ғылыми жұмыспен шұғылданумен келеді. Оның ғылыми зерттеу бағыттары техникалық диагностика әдістерінің жаңа әдіс-айласымен электр желі кернеуі 10-35 кВ автоматының құрылымы зерттемесімен байланысты. Оның зерттеме жаңалығы КСРО авторлық куәліктерімен және Қазақстан Республикасының патенттерімен расталған. Соңғы үш жыл ішінде ауыл шаруашылығына қолданатын кернеуі 110-35/10 кВ қорғаныс подстанцияның құрылымдарына және 35 кВ желіге 5 тапсырыс берілді. Инновациялық патенттің берілуіне екі предпатент және үш тұжырым алынды. Ол аспиранттардың ғылыми жұмыстарын басқарады. 2007 жылы оның жетекшілігімен Б.А.Байниязов кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Ю.В.Анисимовтың 68 ғылыми және методикалық жұмыстары жарыққа шықты. Оның ішінде 11 жұмысы 2006-2008 жылдар аралығында басылып шығарылды.

2010 жылы оның жетекшілігімен В.И.Рожков «Разработка способов повышения эффективности защит электрических сетей напряжением 10-35 кВ сельскохозяйственного назначения» тақырыбында кандидаттық диссертация сәтті қорғалды. Бұл Ресей мен Қазақстан ЖОО Халықаралық конференция жұмыстарында төрт мақала, релелік қорғаныс және еңбек қорғау жөнінде екі методикалық жинағы, екі предпатент және үш оң шешімі берілді.

Ю.В.Анисимов студенттердің тәрбие жұмысын жүргізеді. Ұжымында сыйластық пен құрметке ие.



Красников Виктор Иванович

В.И.Красников біздің университетімізде 1977 жылы Целиноград ауыл шаруашылық институтының ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетін тәмамдағаннан бері жұмыс жасайды. 1982 жылы жылы Мәскеу қаласының ауыл шаруашылығын электрлендіру Халықаралық институтының аспирантурасын бітіргеннен кейін, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алды.

Сол уақыттан бастап ол «электрмен жабдықтау» кафедрасының қызметкері. Осы уақыт аралығында ол ассистенттен кафедра доцентіне дейін, ұзақ уақыт бойы факультет деканның орынбасары қызметін атқарды.

Кафедрада жұмыс істегелі бері В.И.Красников өзін тек жақсы жағынан көрсете білді. Ол студенттердің оқу үрдісіне жаңа техника мен технологиялар енгізілуінің қолдаушысы. Оқу үрдісін жоғары сатыға көтеру үшін, электронды оқу құралдарын енгізуге үлкен мән берді. Оның көптеген жұмыстары университет сертификаттарымен қорғалып, студенттер үшін қолжетімді жағдайда.

Көптеген жылдар бойы Қазақстан Республикасы Ауылшарушылық Министрлігінің ОНТП №0242 «Разработать технические средства защиты трансформаторных подстанций и электрических сетей объектов агропромышленного комплекса от аварийных режимов» бірге грант зерттеулерін басқарды.

Жыл сайын В.И.Красников студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жееткшілік етеді. Оның дайындаған студенттері институттік және республикалық конкурстарында құрмет грамоталарымен, ақшалай премиямен марапатталып жүр.



Бабко Анатолий Николаевич

Бабко Анатолий Николаевич 1977 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтының ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетін тәмамдаған. 1977-1982 жылдар аралығында электр энергиясын қолдану кафедрасында ассистент және аға оқытушы, 1982-2000 жылдары декан орынбасары, содан соң факультет деканы қызметін атқарды.

2000 жылдан 2006 жылдар аралығында автоматты электр байланыс кафедрасының меңгерушісі болды.

Қазіргі таңда электр жабдықтарын пайдалану кафедрасының меңгерушісі.

1992 жылы техника ғылымдарының кандидаттық диссертациясын қорғады, 1988 жылы доцент атағы берілді.

Энергетика факультеті деканы қызметі кезінде «автоматты электр байланыс» мамандығының ашылуына көп септігін тигізді. А.Н.Бабко жоғарғы деңгейде лекция, практика, лабораторлық жұмыстарын жүргізеді. Ол 250 студенттің диплом жетекшісі болды. Оның көбісі Қазақстан Республикасының энергетика және байланыс саласында қызмет етіп жүр.

Ол «электрмен жабдықтау және ауыл шаруашылығын электрлендіру» мамандығының жоғарғы білім Мемлекеттік стандартын өңдеуге ат салысты. Жоғарыда көрсетілген мамандықтың ОҒС мүшесі.

Ол 90 астам ғылыми және оқу-методикалық жұмыстарын жасады. Сонымен қатар 6 авторлық куәлік, 9 оқу-методикалық комплекс авторы. Жоғарыда көрсетілген оқулықтардың электронды нұсқасы оқу үрдісінде кеңінен қолданылуда.

«Оқытушы студент көзімен» сауалнамасында үнемі жоғары баллға ие болып жүр. Оқу-ғылыми педагогика саласындағы жұмыстары үшін «Изобретатель СССР» белгісімен, ҚР БҒМ және ҚР АШМ марапаттарымен Астана қаласы әкімшілігі, университет тарапына ие болып жүр.



Новиков Олег Анатольевич

2012 жылы 9 маусым айында «МРСК Северного Кавказа» ААҚ шешімімен сол жылдың 12 маусымнан бастап «Холдинг МСК» ААҚ-ның бас директорының кеңесшісі- бас директор болып Олег Новиков тағайындалды.

1963 жылы Көкшетау облысының Щучинск қаласында дүниеге келді. 1986 жылы Целиноград ауыл шаруашылық институтының энергетикалық факультетін инженер-электрик мамандығын тәмамдаған.

Еңбек жолын 1980 жылы Щучинск аудандық «Сельхозэнерго» кәсіпорнында 2 разрядты электромонтер қызметін ақарумен бастады.

1986 жылдың тамыз айынан бастап- 4 разрядты электромонтажник, жоғарғы инженер, Көкшетау облыстық «Сельхозэнерго» шаруашылық бірлестігінің өндірістік эксплуатациялық учаскесінің инженер-электригі қызметін атқарды. 1987 жылдың қыркүйек айынан бастап Рузаев аудандық «Агропромэнерго» кәсіпорнында бас инженер болды.

1991 жылдың қыркүйек айынан бастап «Энерготехкомплект» фирмасының бас директоры, 1997 жылдың наурыз айынан бастап- бас директор, «СП «Росказэнерго» ЖШС-нің бас директорының бірінші орынбасары қызметін атқарды. 1999 жылдың қараша айынан бастап – «Астанаэнергосервис» ААҚ-ның тұтынушылармен жұмыс істеу жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары. 2000 жылдың қыркүйек айынан бастап- «Акмолинская распределительная электросетевая компания» ААҚ-ның атқарушы директоры, 2001 жылдың наурыз айынан бастап- «Акмолинская распределительная электросетевая компания» АҚ-ның Басқарма төрағасы.

2011 жылдың желтоқсан айынан бастап –«Холдинг МРСК» ААҚ-ның бас директор кеңесшісі.

Олег Анатольевич Новиков – экономика ғылым кандидаты. Кандидаттық диссертация тақырыбы: «Совершенствование организации планирования и управления в региональной электросетевой компании. Руководитель целевой проблемной группы «Новые методы и технологии энергосбережения» Ғылыми бөлімшесінің «Проблемы безопасности ТЭК».

«Қазақстан Республикасының тәелсіздігіне 10 жыл» «Құрмет» орденімен марапатталған. Қазақстан Республикасының құрметті энергетигі (2008 ж.). Қазақстан Республикасының энергетика Министрінің құрмет грамотасымен, «Холдинг МРСК» ААҚ-ның бас директорының грамоталарымен марапатталды (2012 ж).



Копенов Едиль Кудайбергенович

Алматы облысы Қаратал ауданы, Первое мая селосының тумасы.

1994 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітіріп, тарих пәнінің мұғалімі қызыметін атқарды. 2002 жылы Д.А.Қонаев атындағы Университет –экономист.

2011 жылы С.Сейфуллин атындағы Агротехникалық университеті – электр энергетикасы мамандығы.

Еңбек жолын 1992 жылы «Азияторгсервис» кәсіпорнында коммерциялық бөлімінің менеджері, коммерциялық директоры.

1997 жылдан бастап Алматы облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласының еңбек-биржа қамту орталығында маман, әкім аппаратында ұйымдастыру-кадрлық жұмыс бөлімінің басшысы.

«Талдыкорганский РЭС» ААҚ-ның электрөндіру жөнінен вице-президент, «Уштобинский РЭС» ААҚ-ның президенті, «Талдыкорганская акционерная транспортная электросетевая компания» АҚ-ның Талдықорған бөлімшесінің басшысы, «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нің техникалық қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы. «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нің тұтынушылармен жұмыс атқару бөлімінің директор орынбасары, бас директорының орынбасары (2008-2011 ж.ж.).

«СевКазэнерго Петропавловск» ЖШС-нің энергия өндіру Департаменті басшысы орынбасары, директоры.

2011 жылы «АРЭК» АҚ-ның кәсіпорын басшысы.

Қаратал ауданы, Үштөбе қаласының маслихат депутаты (2004-2007 ж.ж.).

«Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалымен марапатталды (2008 ж.).



Сарманов Абылай Калижанович

1989 жылы Цениоград ауыл шаруашылық институты, ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетін бітірді.

1989 жылы- Ленинградтық «Агропромэнерго» КҰ инженер-жөндеуші, жөндеу учаскесінің басшысы.

1993 жылы- Көкшетау облысы Ленинград ауданының МемЭнергоБақылау инспекторы.

1996-1997 жылдары – Акмола ауыл шаруашылық институтының электр цехының бас электригі.

1997 жылы – Целинный РБ МемЭнергоБақылау, ауыл шаруашылық инспекциясының басшысы, Басқарма басшысының орынбасары, Целинный РБ МемЭнергоБақылау Басқарма басшысы.

1999 жылы- «Госэнергоэкспертиза» РМК-ның Целинный бөлімінің басшысы, бас директорының орынбасары.

2002-2009 жылдары – «Казахэнергоэкспертиза» АҚ-ның орталық филиалы директорының орынбасары, техникалық директор, бірінші вице-президенті.

2009 жылы –«КазТехЭнергоСервис» ғылыми-өндірістік фирма» ЖШС-нің бас директоры.

Марапаттаулары: «60 лет Энергонадзор» мерекелік медалі, «10 лет Астана» медалі, Қазақстан Республикасы энергетика және минералды ресурстары Министрлігінің грамоталары, ҚР МЭМР МемЭнергоБақылау Комитеті, Астана қаласы Әкімінің алғыс хаттары.



Лефтер Виктор Дмитриевич

Лефтер Виктор Дмитриевич, 1953 жылы Целиноград облысы Жалғыз-Құдық ауылында дүниеге келді. 1978-1983 жылдары ЦАШИ энергетикалық факультетінде оқыды. 2004 жылдан бастап «Республиканский центр космической связи и электромагнитной совместимости радиоэлектронных средств» АҚ-ның президенті. К.Э.Циолковский атындағы Ресей космонавтика академиясының мүшесі (академик). Ақпараттық Комитет басшысы орынбасары, БҰҰ Тынық мұхиты, Азия Әлеуметтік Комиссиясы, Экономикалық, Коммуникация және Ғарыш технологиялары (2004-2007 ж.ж.). Ведомствоваралық Комиссиясының мүшесі, Халықаралық Электрбайланыс Одағының жұмыстары және Аумақтық Қауымдастығы, жыл сайын өтетін Аумақтық Конференция (ITU) Қазақстан Республикасының атынан ат салысады. «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен, «Құрметті байланысшы» құрметті атағын, техника ғылымдарының кандидаты.



Кушнаренко Валерий Анатольевич

1951 жылы 1 сәуір күні Ақмола облысының Астрахан ауданы Астраханка ауылында дүниеге келген.

1969- 1974 жылдар аралығында ЦАШИ оқып, бітірген соң инженер-электрик мамандығын алған. 1974-1980 жылдар аралығында инженер қызметін атқарып, кейін релейлік қорғаныс қызметі және Целиноградтық электр жүйелері кәсіпорнында аға инженер. 1980 жылы Целиноградтық электр жүйелері кәсіпорнынан бөлініп шыққан «Қалалық электр жүйелері» кәсіпорнында релейлік қорғаныс автоматикасы және байланысы қызметінің басшысы. 1987 жылы «Қалалық электр байланыстары» кәсіпорнының бас инженер қызметін атқарады.

1999 жылдан қазіргі таңға дейін «Астанаэнергосервис» БАҚ-ның директор қызметін атқарады.

«Ерең еңбегі үшін», «Астана», "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл", "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" медалдарымен марапатталған.



Жаканов Болат Егинбаевич

Жаканов Болат Егинбаевич 1964 жылы 28 сәуір күні Целиноград қаласында дүниеге келген. 1986 жылы Целиноград ауыл шаруашылық институты, ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын 1986 жылы Целиноград ауданындағы «Красный флаг» совхозында электр монтерынан бастап, 1988-1992, 1992-1999 ж.ж. Ақмола облысы Целиноград ауданының «Воздвиженский» және «Мәншүк Мамедова атындағы» совхоздарда басты энергетик қызметін атқарған. 1989-1992 ж.ж. «Целиноградагроспецстрой» ұжымында басты энергетик. 1999-2004 ж.ж. «Горкоммунохоз» МКК-ның бас энергетигі, 2004-2008 ж.ж. –директор орынбасары, Астана қаласының «Горсвет» МКК-ның директоры. 2008 жылдан бастап қазіргі таңға дейін «Казахэнергоэкспертиза» ЦФ АҚ-ның директоры.

Астана қаласының 4 шақыру маслихат депутаты болып сайланды.

«Ерең еңбегі үшін», «Астана», «20 лет независимости» медалдарымен, Қазақстан Республикасының Президентінің және Астана қаласының әкімінің құрмет грамоталарымен марапатталған.



Тулеубаев Канат Култаевич

Тулеубаев Қанат Култаевич 1966 жылы 7 қараша күні Ақмола облысы Сабынды аулында дүниеге келген. 1991 жылы ЦАШИ-ның ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетін тәмамдаған.

1993-1994 ж.ж. «Целинограсельхозводснабжение» МЭБО-ның электр монтері. 1994-1996 ж.ж. Ақмола Целинді темір жолы ст.- кезекші энергетик. 1996-1997 ж.ж. Түркия елінің «Финтрако» құрылыс компаниясының –бас энергетигі. 1997-1998 ж.ж. «ЭЛМО» АҚ-ның Ақмола өкілдігінде инженер/электрик. 1998-2007 ж.ж. «ЭЛМО» ЖШС-нің – инженер КТҰ., электромонтаж басқармасының басшысы, бас инженер.

2007 жылдан 2011 жылдар аралығында «Alageum Elektrik» ЖШС-нің техникалық директоры, «Alageum Elektrik» АҚ-ның бас директор орынбасары.



Сыздыков Аскар Саимович

Сыздыков Аскар Саимович 1968 жылы 23 мамыр айы күні Көкшетау облысы, Куйбышев ауданы Червонный ауылында дүниеге келген. 1992 жылы ЦАШИ-ның ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетін тәмамдаған. 1992-1994 ж.ж. Куйбышевтық еткомбинатында бас энергетик қызметін атқарған. 1995-2006 ж.ж. –бизнес. 2006-2009 ж.ж. –техникалық директор, «Alageum Elektrik» АҚ-ның бас директоры. 2009 жылдан осы кезге дейін «ЭнергоСтройТехКом» ЖШС-нің бас директоры.



Кудряшов Петр Иванович

Кудряшов Петр Иванович, 1950 жылы маусым айының 5 күні дүниеге келген. 1977 жылы ЦАШИ-н, инженер-электрик мамандығын тәмамдаған. Бүкіл еңбек жолы «Мехколонна- 13» кәсіпорнында өткен. 14.10.1977 жылы 13-Мехколоннаға контакт желілері мен жоғары кернеу әуе жолдарының электромонтері болып қабылданды. 1979 жылы 17 сәуірде осы мекеменің прорабы болып тағайындалды. 1980 жылы 24 маусымда жалақы мен еңбек бөліміне басшы болып тағайындалды. 1992 жылы 30 сәуірде осы ұжымдық мекеменің директор лауазымына тағайындалып, осы күнге дейін жұмыс істейді.